

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді және оның Хаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 77 Заңы

Парижде 1998 жылғы 3 ақпанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім және оның Хаттамасы бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Француз Республикасының Үкіметі арасындағы
Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы
Келісім**

(Шарт 2000 жылғы 21 тамызда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары
бюллетені, 2004 ж., N 5, 27-құжат, СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі,
екі мемлекет арасындағы экономикалық ынтымақтастықты күшейтуді және екі ел арасындағы инвестициялардың өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздей отырып,
осы инвестицияларды көтермелеу мен қорғау екі елдің арасындағы олардың экономикалық даму мүддесінде капитал мен технологияларды беруді ынталандыратынына кәміл сене отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестиция" термині Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында немесе теңіз аймағында, оның заңдарына сәйкес осы Келісім күшіне енгенге дейін немесе енгеннен кейін салынған мүлік экономикалық немесе қаржылық құқықтар мен мүдделер сияқты мүлік құндылықтарының барлық түрлерін қамтиды және атап айтқанда, бұлар ғана емес:

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлік, сондай-ақ ипотекалар, кепілдер,

пайдалану құқықтары, кепілдік берулер құқықтары сияқты басқа кез келген іске асатын құқықтар және осыған ұқсас құқықтар;

б) азшылық дауыспен қатысуды және жанама қатысуды қоса алғанда, Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында құрылған компаниялардағы акциялар, эмиссиялық сыйлықтар және қатысудың басқа да түрлері;

в) облигациялар, экономикалық құны бар ақшалай қаражаттар мен қызметтер жөніндегі талаптардың құқықтары;

г) авторлық құқықтар, өнеркәсіптік меншік құқықтары (патенттер, лицензиялар, тауар белгілері және фирмалық атаулар, өнеркәсіптік үлгілер мен макеттер сияқты), технологиялық процестер, "ноу-хау" және клиентура;

д) осы Баптың 5-тармағында көрсетілгендей, Уағдаласушы Тараптардың теңіз аймағында орналасқандарын қоса алғанда, табиғи ресурстарды барлау, игеру, өндіру мен пайдалануға арналған концессиялармен бірге заң шеңберінде немесе контракт бойынша бүрілетін концессиялар;

Инвестициялар нысанының кез келген өзгерісі аумағында немесе теңіз аймағында осы инвестиция жұмсалған Уағдаласушы Тараптың заңдарына мұндай өзгерістер қайшы келмейтін жағдайда олардың инвестиция ретіндегі сапасына әсер етпейді.

2. "Азамат" термині Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының немесе Француз Республикасының азаматтығын алған жеке адамды білдіреді.

3. "Компания" термині Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес құрылған және осы Уағдаласушы Тараптың аумағында өзінің мекен-жайы бар не Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары не Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында өзінің мекен-жайы бар және осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар тікелей немесе жанама бақылайтын кез келген заңды тұлғаны білдіреді.

4. "Табыстар" термині осы кезеңде алынған түсімді, проценттерді, бөлінген сомаларды және дивидендтер сияқты инвестициялардан алынған барлық сомаларды білдіреді.

Инвестициялардан алынған табыстар, сондай-ақ қайталама инвестициялар болған жағдайда, қайталап салудан алынған табыстар инвестициялардың өздері сияқты қорғаумен қамтамасыз етілетін болады.

5. Осы Келісім тиісінше Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасының аумағына, сондай-ақ олардың бұдан әрі экономикалық аймақ және табиғи ресурстарды барлау, игеру және сақтау мақсаттарында халықаралық құқыққа сәйкес олар үстінен егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын, осы мемлекеттердің әрқайсысының аумақтық суларының шектерінен тыс созылып жатқан континенттік шельф деп белгіленетін теңіз аймағына таралады.

2-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз ұлттық заңдары мен осы Келісім ережелерінің шеңберінде өз аумағы мен өзінің теңіз аймағында екінші Уағдаласушы Тарап азаматтары мен компаниялары жүзеге асыратын инвестицияларға рұқсат береді және оларды көтермелейді.

3-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында және өзінің теңіз аймағында екінші Уағдаласушы Тарап азаматтары мен компанияларының инвестицияларына халықаралық құқық принциптеріне сәйкес әділетті режимді қамтамасыз етуге және осындай жолмен танылған құқықты атқаруға заң бойынша да, мәні бойынша да қысым көрсетпеуге міндеттенеді.

4-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің аумағында және өзінің теңіз аймағында екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарына және компанияларына инвестицияларға және осы инвестицияларға байланысты қызметке қатысты өзінің азаматтарына және компанияларына жасайтын немесе мейлінше қолайлы жағдайдағы ұлттың азаматтарына немесе компанияларына, егер соңғысы қолайлырақ болып табылса, қолайлылығы кем болмайтын режим жасайды.

Алайда, бұл режим Уағдаласушы Тараптың бірінің кез келген үшінші бір мемлекеттің азаматтарына немесе компанияларына жасайтын және еркін сауда аймағына, кедендік одаққа, ортақ рынокқа немесе аймақтық экономикалық ұйымның кез келген басқа нысанына қатысудың нәтижесі болып табылатын не қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі келісімнен немесе салық салу саласындағы кез келген басқа келісімнен туындайтын артықшылықтарға қолданылмайды.

5-бап

1. Уағдаласушы Тараптың бірінің азаматтары мен компаниялары жүзеге асырған инвестицияларға екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында және теңіз аймағында толық және жан-жақты қорғау мен қауіпсіздік жасалатын болады.

2. Бұл қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда және мұндай шаралар кемсітпейтін шаралар болғанда және мүдделі Уағдаласушы Тарап немесе оның тиісті мекемелері алған ерекше бір міндеттемеге қайшы келмейтін жағдайда, Уағдаласушы Тараптар өзінің аумағындағы және өзінің теңіз аймағындағы екінші Тарап азаматтарының немесе компанияларының инвестицияларына ешқандай да

экспроприациялау немесе мемлекет меншігіне алу шараларын немесе олардан айыруға бағытталған қандай да бір өзге шараларды қолданбайды.

Меншіктен айыру жөніндегі қабылдануы мүмкін шаралар тиісті инвестициялардың нақты құнының негізінде есептелетін сомада тез және барабар өтемақымен қоса жүргізілуге тиіс. Бұл сома меншіктен айыру қаупіне дейін болған қалыпты экономикалық жағдайға орай бағалануы тиіс.

Бұл өтемақы, сома және төлем шарттары меншіктен айыру сәтінен кешіктірмей белгіленуге тиіс. Өтемақы тиімді түрде жүзеге асырылады, кейінге қалдырылмай төленеді, еркін аударымды болып табылады және төлену сәтіне дейінгі тиісті проценттік ставка бойынша төленетін проценттерді қамтиды.

3. Екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймағында соғыстың немесе кез келген басқа қарулы жанжалдың, революцияның, төтенше жағдайдың немесе көтерілістің нәтижесінде инвестициялары зиян шеккен Уағдаласушы Тараптың бірінің азаматтары мен компанияларына алдыңғы Уағдаласушы Тарап осы шығындарды өтеуге қатысты өзінің азаматтары мен компанияларына немесе мейлінше қолайлылық жасалып отырған ұлттың азаматтары мен компанияларына жасалғаннан, егер соңғы режим қолайлырақ болса, қолайлылығы кем болмайтын режим жасайды.

6-бап

Екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтары немесе компаниялары аумағында немесе теңіз аймағында инвестицияларды жүзеге асырған Уағдаласушы Тараптың әрқайсысы осы азаматтар мен компанияларға мыналарды еркін аударуға жағдай ж а с а й д ы :

- а) проценттер, дивидендтер, табыстар және басқа да ағымдағы кірістер;
- б) 1-баптың 1-тармағының "г" және "д"-тармақшаларына сәйкес материалдық емес құқықтардан туындайтын ақша аударымдары;
- в) заңды жасасқан шарттар бойынша заемдарды өтеуге арналған сомалар;
- г) қосымша құннан түсетін табысты қоса алғанда, инвестицияларды сатудан, толық не ішінара жоюдан алынған сомалар;
- д) 5-баптың 2 және 3-тармақтарында қарастырылған, меншіктен айырылғаны немесе зияндар үшін өтемақылар.

Мақұлданған инвестициялардың нәтижесінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймағында жұмыс істеуге рұқсат берілген кез келген Уағдаласушы Тараптың азаматтарына да өз еліне өзінің еңбекақысының тиісті бөлігін аударуға рұқсат етілетін болады.

Алдыңғы тармақтардағы көзделген аударымдар аумағында немесе теңіз аймағында инвестициялар жүзеге асырылған елдегі аударым датасына қарай ресми қолданылып жүрген қалыпты айырбастау бағамы бойынша кідіріссіз жүргізіледі.

7-бап

Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің заңдарында оның шектерінен тыс жерлерде осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен компаниялары жүзеге асырған инвестициялар үшін кепілдік көзделген болса, бұл кепілдік осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары немесе компанияларының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймағында жүзеге асырған инвестицияларына әрбір жеке жағдайды зерделеу шеңберінде беріле алады.

Екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймағында Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары мен компанияларының жүзеге асырған инвестициялары алдыңғы абзацта аталған кепілдікті, егер оларды соңғы Уағдаласушы Тарап алдын ала мақұлдаған болса ғана, егер мұндай мақұлдау талап етілсе, ала алады.

8-бап

Бір Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап азаматының немесе компаниясының арасындағы инвестицияға қатысты кез келген дау тараптар арасында мүмкіндігінше тікелей келіссөздер және консультациялар жолымен реттелетін болады.

Егер ол дауласушы тараптардың біреуі немесе екіншісі мұндай дауды көтерген сәттен бастап алты айдың ішінде реттелмеген болса, онда ол азаматтың немесе компанияның қалауы бойынша:

- 1965 жылғы 18-наурызда Вашингтонда қол қою үшін ашылған, Мемлекеттер мен екінші мемлекет азаматтарының арасындағы инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенцияға екі Уағдаласушы Тарап қатысушылар болған кезде, Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың (ИДРХО) төрелігіне немесе;

- БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының төрелік ережелеріне сәйкес құрылатын ad hoc төрелік сотының қарауына беріледі.

9-бап

Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймағында жүзеге асырылған инвестициялар үшін берілген кепілдеменің арқасында өз азаматтарына немесе компанияларының біріне төлем жүргізетін болса, онда осы Уағдаласушы Тарап бұндай жағдайда осы азаматтың немесе осы компанияның құқықтары мен іс-әрекеттеріне қатысты толық суброгация құқығына ие болады. Жоғарыда аталған төлемдер, алайда, кепілдемені пайдаланатын адамның ИДРХО-дан көмек сұрау немесе процедура аяқтағанға дейін талап қоюды жалғастыру құқықтарын қозғамайды.

10-бап

Екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен компанияларына қатысты Уағдаласушы Тараптардың біреуінің ерекше міндеттемесін предметі болып табылатын инвестициялар осы Келісімнің ережелеріне нұқсан келтірместен аталған міндеттеменің, егер бұл міндеттемеде осы Келісімдегі ережелерге қарағанда барынша қолайлы ережелер бар болса, онда осының шарттарына бағындырылатын болады.

11-бап

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулар мүмкіндігіне қарай дипломатиялық арналар арқылы реттелетін болады.

2. Егер дау оны Уағдаласушы Тараптардың бірі көтерген сәтінен бастап алты айдың ішінде реттеле алмайтын болса, ол Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша төрелік сотқа беріледі.

3. Аталған төрелік сот әрбір жекелеген жағдайда былайша құрылатын болады:

Әрбір Уағдаласушы Тарап бір арбитр тағайындайды және бұл екі арбитр өзара келісе отырып, екі Уағдаласушы Тарап төрелік соттың төрағасы етіп тағайындайтын үшінші мемлекет азаматын тағайындайды. Барлық арбитрлер Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Уағдаласушы Тарапқа өзінің даулы мәселені төрелік сотқа бергісі келетіні туралы хабарлаған сәтінен бастап екі айдың ішінде тағайындалуға тиіс.

4. Егер 3-тармақта белгіленген мерзімдер сақталмайтын болса, кез келген Уағдаласушы Тарап қандай да бір басқа уағдаластық болмаған жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысын қажетті тағайындаулар жүргізуге шақырады. Егер Бас Хатшы Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылатын болса немесе басқа бір себептен аталған міндеттерді атқара алмайтын болса, лауазымы жағынан Бас Хатшыдан кейін тұрған және Уағдаласушы Тараптардың бірде біреуінің азаматы болып табылмайтын Бас Хатшының Орынбасары қажетті тағайындаулар жүргізеді.

5. Төрелік сот өз шешімдерін көпшілік дауыспен қабылдайды бұл шешімдер түпкілікті және оларды екі Уағдаласушы Тарап та орындауға міндетті болып табылады.

Төрелік сот өзінің процедуралық ережелерін өзі белгілейтін болады. Ол Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша өз шешімін түсіндіретін болады. Арбитрлерге берілетін сыйақыларды қоса алғанда, төрелік сот ісін жүргізуге байланысты шығындар, егер сот ерекше жағдайларды ескере отырып, басқаша шешім қабылдамайтын болса, Уағдаласушы Тараптар арасында теңдей етіліп бөлінеді.

12-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа осы Келісімнің күшіне енуі оған қажетті ішкі процедуралардың аяқталғаны туралы хабарлайды. Келісім ақырғы жазбаша хабарлама алынғаннан кейін бір айдан соң күшіне енеді.

Келісім бастапқыда 10 жыл мерзімге жасалды. Уағдаласушы Тараптардың біреуі дипломатиялық арналар арқылы бір жыл бұрын оны өзінің бұзғысы келетіні жөнінде екінші Уағдаласушы Тарапқа хабарлағанша осы мерзімге және одан кейін де күшінде қ а л а б е р е д і .

Осы Келісім қолданысының мерзімі аяқталған соң, оның күші бар уақытта жүзеге асырылған инвестицияларды Келісім ережелеріне сәйкес қосымша жиырма жылдық кезеңде қорғау қамтамасыз етілетін болады.

Париж қаласында 1998 жылғы 3 ақпанда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, француз және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Француз Республикасының

Үкіметі үшін

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қарғау туралы Келісімге қол қою барысында Уағдаласушы Тараптар төмендегі ережелер қорғау Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатыны туралы келісті:

1-баптың 3-тармағына қатысты:

Заңды тұлғаға тікелей немесе жанама бақылау, атап айтқанда, келесі фактілердің:

- ф и л и а л д ы ң с т а т у с ы ;

- тиімді бақылауға мүмкіндік беретін тікелей немесе жанама қатысу үлесінің болуы және, атап айтқанда 50%-тен асатын қатысудың болуы;

- басқару органдарындағы шешуші рөлге ие болуға мүмкіндік беретін дауыс құқығына тікелей немесе жанама ие болу немесе өзгеше түрде олардың жұмысына ш е ш у ш і т ү р д е ы қ п а л ы н т и г і з у ,

негізінде орнатылуы мүмкін.

3-бапқа қатысты:

а) шикізаттар мен қосалқы материалдар, энергия мен жағармайлар, сондай-ақ әр алуан өндіріс және пайдалану құралдарын сатып алуға және тасымалдауға жасалатын кез келген шектеулер, елдің ішінде және одан тыс жерлерде өнімдер сатуға және тасымалдауға жасалатын кез келген қысымшылық, сондай-ақ құқыққа немесе әділетті режимге жасалатын қысымшылық, сондай-ақ құқыққа немесе әділетті режимге жасалатын қысымшылық тәрізді әсері бар кез келген басқа да шаралар құқыққа немесе

әділетті режимге жасалатын қысымшылықтар ретінде қаралады;

ә) Уағдаласушы Тараптар өздерінің ішкі заңдары шеңберінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында немесе теңіз аймақтарында жүзеге асырылатын инвестицияға байланысты бір Уағдаласушы Тарап азаматтарының жасаған келу және болу, жұмыс және жүріп-тұру туралы өтініштеріне оң көзқараспен қарайды. Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында және теңіз аймағында жұмыс істеуге өкілеттік алған азаматтары осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес олардың кәсіптік қызметін орындауы үшін қажетті материалдық жағдайлармен пайдалану мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Париж қаласында 1998 жылғы 3 ақпанда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, француз және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық үш мәтіннің күші бірдей.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Француз Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>